

«Мектепке дейінгі балалардың көркемдік-эстетикалық дағдыларын дамыту»

Ниярова Эльмира Темирбулатовна
№10 "Алтын бесік" бебекжайының әдіскері

Мектепке дейінгі жастағы көркемдік эстетикалық тәрбиенің өрісінен кеңейіп, өз деңгейінде жүргізілуі тәрбиешілердің ұлттық психологияның халықтық тәлім-тәрбие дәстүрлерін тиляқты менгеруіне және өз жұмысында сапалы пайдалана білуіне байланысты. Балабакша тәрбишісі бағдарламалық және оқу-әдістемелік талаптарды орындаушы ғана емес, ол балалармен жүргізілетін тәрбие жұмысында кездесетін күрделі мәселелерді өздігінен шешетін, оны жүзеге асыратын ұстаз.

Қазіргі кезеңде баланы тұлға ретінде қалыптастыру, оның бойына ұлттық әдеп-ғұрып пен салт-дәстүр мұраларын сініру, имандылыққа тәрбиелеу бүкіл халықтық іске айналып, жүртшылық назарын аударуда.

Тәрбие тағлымы баланың нәрестелік шағынан бесік жырымен біртіндеп іске асырылып, санасына орнығып отыратын ұзак үрдіс. Сол себептен когам өміріндегі білім беру саласындағы әрбір жаналық мектепке дейінгі тәрбиеге тікелей әсер етіп, тәрбие мазмұнын жаңарту ісіне ықпал жамап келеді.

Эстетикалық бағытта бейнелеу іс-әрекеті (сурет, мүсіндеу, жапсыру) түрлері еңбек тәрбиесі, құрастыру және музика сабактары арқылы балалардың эстетикалық қабылдаудың, сезімін, көркемдік талғамын дамыту іскерлік-дағдыларды менгеруге, ұлттық қол-өнер ерекшеліктерін, оның әсемдігін сезінуге көңіл бөледі.

Бағдарламаға сәйкес бейнелеу өнері сабактарына басшылық жасауда тәрбиеші баланың күнделікті өмірден алған әсерлері мен психикалық процестеріне: есте сақтауы, қабылдауы, ойлауы, қиялдауы және әрнайы кабілеттілігінің дамуына ықпал етуін ескертуі тиіс. Бейнелеу өнері сабактарын ұйымдастыруда айналаны бақылату үшін саяхаттар максатты серуендерге, апарады, көргендерін ой елегінен өткізіп, танымдық қасиеттерін дамытуды, баланың белгілі бір затқа немесе құбылышқа зейінін тұрқтандырып, бейненің сипатына қарай іс-әрекет тәсілдерін таңдал алуға бағыттайты.

Бейнелеу өнері арқылы эстетикалық тәрбие берудегі жұмыстың нәтижелі болуы тәрбиешілердің шеберлігі мен іздемпаздығы, шыгармашылығы, білім деңгейінде тығыз байланысты болмақ. Осы орайда, тәрбиеші бейнелеу өнері түрлерін жетік біліп, балаға түсінікті түрде қарапайым мазмұнын шыгармашылықпен әнгімелеп бере білуі баланың іс-әрекетке қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар көркемөнер туындыларының мазмұнын түсінуге, бояу түстерін ажыратада білуге, көркемдік мәнерін сезіне білуге баулиды.

Бейнелеу өнерін үйретуге мынандай мақсат алынады:

- бейнелеу өнері түрлері жайында баланың қарапайым түсініктерін қалыптастыру;

Балалар қоршаған ортанды суретке салу, сазбалшық пен ермексаздан мүсіндеу, түрлі-түсті қағаздан қып жапсыру, табиғи материалдардан көркем өндеу, музыка тыңдау т.б. жұмыстары кезінде танып білуге мүмкіндік алады. Олар қоршаған ортадағы түрлі заттарды көркем бейнелеу тәсілін менгеруге, заттың көлемін, пішінін бояулар мен түстер арқылы айқындағы білуге жаттыға отырып, бұл дағдыларды өз киялымен пайдаланады. Түрлі материалдардан (қағаз, картон, мата, ермексаз т.б.) әшекейлеуді, бұйымдар үлгісін жасауды, оларды өрнектеуді үйренеді. Ал мүсіндеу арқылы заттардың, адамның, жануарлар мен құстардың пішінін бейнелеу тәсіліне машиқтанады. Ермексаздан бейненің кескінін, қимыл-козғалыстарын, өзіндік ерекшелік, күнделікті көргендерін еске түсіріп, заттың дene құрлышын, «бөлшектердің» өзара байланысы туралы алғашкы түсініктерді алады. Сәндік – колданбалы өнер саласындағы көркемдік жұмыстар қағаздан арнайы желі құруға, үлгі арқылы киу, қағаз бетіне желімдеп жапсыру кезінде элементтердің жарасымдылығын, оюлардың тұс жағынан үйлесімділігін менгеруге үлкен көмегін тигізеді. Қатты, түрлі-түсті қағаз, мата қындылары т.б. табиғи заттарда көркем құрастыру жұмыстары негізінде балалардың ойлау қабілеттерінің, киялышының жетілуіне, еңбек нәтижесінің әсемдігінен сұлулықты сезіну дағдыларының дамуымен бірге еңбек етуге тәрбиелейді. Балаларды бақшада ұлттық сәндік колданбалы өнермен таныстыру, үйрету олардың бойында еңбек дағдысын қалыптастыру, шеберліктерін ұштауға мүмкіндік берумен бірге олардың пайдалы нәрселерді жасасам деген ынтасын оятады. өз беттерімен жұмыс істеуге, ұйымшыл болуға, шығармашылықпен белсенділік көрсетуге жол ашады, еңбек теуге жігерлендіріп, халық шығармашылығына деген құлышының тудырады, әсемдік талғамын арттырып, тұс мен бояудың әдемілігіне құштарлық сезімін жетілдіреді. Олардың адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеумен бірге, рухани жағынан да дамуына әсерін тигізеді.

Айналадағы дүниемен таныстыру сабактарында балалар казақ халқының тарихы мен мәдениеті жайында біраз мағлұматтар алады, халық өнерінің әсемдік әлемін таниды. Тәрбие баланы әсемдікке баулиды, жағымды эмоция туғызады, қабілеттерін дамытады. Балалардың қабілеттерін дамытуда, педагогтың жеке басы, мәдениеті, білімі, өз ісін жете менгеруі үлкен рөл атқарады. Эстетикалық талғам балалардың өнерде, өмірде, түрмиста шынайы әсемдіктен қанағат, рухани азық алуынан көрінеді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыруда үйрету үлкен рөл атқарады. Оку үстінде балалар әдебиеті, музикалық, сурет өнерінің класикалық шығармаларымен толық игеруді үйренеді.

Балалардың бойында эстетикалық талғамның негіздерін қалай отырып, біз оларды қоршаған ортанды әсемдігін көруге және сезінуге, оны аялауға баулимыз.

Балалардың көркемдік қабілеттерін, эстетикалық сезімдері мен ұғымдарын, әсемдікті бағалай білуін дамыта отырып, педагог рухани байлығы қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеудің негіздерін қалай береді.

- живопись, кескіндеме, мұсін, сәулет өнері, сәндік-қолданбалы өнер туындыларының әсемдігін, көркемдігін сезініп, эстетикалық талғамын арттыру;

- өнерге деген қызығушылық, сүйіспеншілік сезімдерін ояту;

- жақсыға сүйсініп, жаманға күйіне білуге, өнер арқылы адамгершілік, ізгілік, мейірімділік қасиеттерін қалыптастыру;

- ұлттық өнердің айшықты нақыштарын сезіне білуге баулу;

- басқа халықтар өнерімен салыстыру, ерекшелігін сезіну;

Алға койған мақсатты жүзеге асыруда баланың айналаны бақылау және қабылдаудың дамытуға, көркемөнер туындыларымен таныстыруға, көркемдік талғамын арттыруға, іскелік дағдыларды менгеруіне баса назар аударылады. Көркемөнер туындыларын, шағын қолемді мұсіндерді сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарын қолданады. Сәулет өнеріне байланысты көркем суреттер, диафильмдер, слайдтар пайдаланылады.

Сабактарды жоспарлауда бейнелеу іс-әрекеттің барлық түрлерінің өзара байланысы қажеттігін есте ұстаған жөн. Осы іс-әрекеттің әрбір түрінің өзіндік ерекшелігі болатынын ескеру маңызды: мұсіндеуде заттар мен коршаған орта құбылыстарын - қолемде, сурет салуда – жазықтықта, түсте, кеңістікте, жапсыруда – түсте және сұлбалық (силуэттік) түрде беруге мүмкіндік береді.

Балабақшада балаларды тәрбиелу жұмысының негізі, баланың өмір шындығына деген эстетикалық қатынасын қалыптастыра отырып, әсемдік туралы ой-өрістерін дамыту, білім және қабілеттерін қалыптастыруға қажетті тәрбиелік жұмыстарды қамтиды. Балабақшада балалардың іскерліктері, олардың коршаған ортадағы заттар дүниесінің ерекшеліктерін танып, білуіне бағытталған іс-әрекеттердің бірі бейнелеу және сәндік-қолданбалы өнерге арналған көркемдік сабактар арқылы қалыптастырылады.

Көркемдік тәрбиенің басты құралдары – бейнелеу өнері, музика, көркем әдебиет т.б.

«Баланы жастан» деп қазақ бекер айтпаса керек. Дүниетаным, айналага деген құштарлық, табиғатқа деген сүйіспеншілік, сұлулыққа деген еліктеушілік бала жастан адам бойына қалыптасады.

Батылдыққа, шындыққа, имандылық пен әсемділікке, сұлулыққа үйір етіп тәрбиелеуді сәби жасынан ескергешен жөн. «Табиғатты аялау ата-баба салтымыз, тәрбиегеде мән берген дана халқымыз» демекші ата-бабамыз бастан-ақ табиғат пен тәрбиені бөле жарып көрмеген, екеуін қатар ұстаған. Балаға табиғат адамның бойына қуат, көңіліне шабыт, сезіміне ләззат, шапағатын ұялататын, сұлулық пен әсемдік әлемі екендігін тұла бойына сініру. Орман, дала, өзен-көл тау-тас, бау-бақша, жыл мезгілдері мен құбылыстары, құстар үні мен жануарлар дүниесінің қызығы, өсімдіктер әлемі бала сезіміне әсерлі суретtelіп, оларды сиқырлы сырды білуге ынтықтырады. Балалардың көркемдікті қабылдауы мен оны өз қолымен жасауға бағытталған әрекеттерінің арқасында бейнелеу өнерінің мәнерлілігі, көркемділігі баланың шығармашылық белсенділігіне сол арқылы олардың көркемдік талғамының дамуына зор ықпал етеді.